



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

2. Жумабекулы Д. Путеводитель по английскому праву: беспрецедентное право [Электронный ресурс] URL: <https://yvision.kz/post/776854> (дата обращения: 16.03.2018).
3. **Йен Айвори, Бенедикт Уэст, Эд Стюарт Применение английского права при заключении сделок в России: развенчание основных мифов** [Электронный ресурс] URL: <http://www.gblplaw.ru/news/articles/76137/> (дата обращения: 16.03.2018).
4. Карагусов Ф. Опопытке создать правовую основу для функционирования двух юрисдикций на территории Республики Казахстан [Электронный ресурс] URL: <pps.kaznu.kz/kz/Main/files/2/98505/81/3/6/0//> (дата обращения: 16.03.2018).
5. Нишпала Д. Английское право [Электронный ресурс] URL: <https://www.integrites.com/ru/publication/article-by-nyshpal-english-law> (дата обращения: 16.03.2018).
6. Сулейменов М.К. Английское право и правовая система Казахстана [Электронный ресурс] URL: https://online.zakon.kz/Document/?Doc_id=34332948#pos=1;-117 (дата обращения: 16.03.2018).

УДК 341.1/8

ҚАЗІРГІ КЕЗДЕГІ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ДАУЛАРДЫ РЕТТЕУ

Ордабекова Әйгерім Маратқызы

Ordabekovnaa@gmail.com

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Заң факультеті

Халықаралық құқық мамандығы

Мпк-23 тобының студенті. Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекші: Сейдеш Б.Б.

Аңдатпа. Мақалада ең алдымен халықаралық дауға түсініктеме берілген. Халықаралық дау ретінде кез келген келіспеушіліктерді қарамайды, белгілі бір тәртібі болады. Бұл мәселенің қай кезден бастап дами бастағанын, оны шешудегі қалыптасқан түрлерін айтылған. Қазіргі кездегі осындай халықаралық дауларды шешудегі тәсілдер, туындайтын проблемалар және оны шешу жолдары туралы қарастырылған.

Аннотация. В статье с начала дается понятие в международному спору. Международным спором не считается какие нибуь недоразумения, у них есть свои правила. Рассматривается с какого времени начали развиваться эти проблемы, и виды их решения. Какие виды рассматриваются в решении таких международных споров, возникающих проблем в настоящее время и пути их решения.

Abstract. The first section of the article describes the concept of international disputes. As an international dispute, he does not consider any differences, they have a certain order. It is considered at what time this issue began to develop, and the types of their solutions. The ways of solution of such international disputes at present , arising problems and their solution are considered.

Түйін сөз. Халықаралық дау, келіссөздер , арбитраж соты, БҰҰ, делдалдылық, кеңес беру, игі қызметтер.

Ключевые слова. Международный спор, переговоры, арбитражный суд, ООН, посредничество, консультация, добрые услуги.

Keywords. International dispute , negotiations ,arbitration court , UN, mediation, consult , good offices.

Халықаралық дауды сәтті түрде шешуде оның нысанын, ерекшелігін, сипатын және басқада оның ерекшеліктерін анықтаумен тікелей байланысты. Сол уақытта дауды реттеуде халықаралық қатынастардың дамуында, оның құрылымынан, қарым-қатынасынан және тез

арада дауды шешуге мүдделі немесе оны созуға қатысты ортақ тендециялардан бөлініп алынуы мүмкін емес. Халықаралық-құқықтық даулар даму дәрежесіне қарамастан оның туындау сәтінен бастап және оны қарулы қақтығысқа ұласуына дейін әр түрлі мазмұны болуы мүмкін. Атап айтқанда – саяси, экономикалық, этностық және басқада сипатта. Даудың әр түрлі топтарға бөліп қарастыру арқылы оның алдын алу үшін тиімді болып табылады. Халықаралық құқықта дауларды 2 топқа бөліп қарастырады, яғни олар құқықтық және саяси. Француз халықаралық-заңгері Л. Каваре құқықтық мен саяси даулардың айырмашылығын былай көрсеткен екен: «олардың айырмашылығы теория бойынша қарапайым болса, тәжірибеде бұл қақтығыстар бірін-бірімен түйіседі. Дауды жиі саяси немесе тек заңды деп атайды. Көбіне оларды саяси немесе заңды сипат алады деп айта аламыз»- дейді. [1] Халықаралық дау ретінде кез келген қақтығысты мойындай бермейді. Олардың белгілі бір сипаты бар. Әуелі міндетті түрде оның тараптары болып халықаралық құқықтың субъектілері - мемлекет немесе халықаралық ұйым болады, кейіннен бір жақты шағымды ғана қарастырмайды, яғни олардың шағымдары ортақ болуы керек. Тағы айта кететін болсақ бұл дау әлемдегі бейбітшілікті бұзу қауіпіне әкелетін болса халықаралық дау ретінде қарастырамыз. Солайша дауды шешу барысында алдымен мазмұнына қарай анықтап аламыз.

Қазіргі халықаралық құқықта дауды бейбіт жолмен шешу бағытында өзара ортақ мойындалған императивті қағида қалыптасқан, ол қағидаға сәйкес барлық халықаралық даулар тек қана бейбіт әдістермен шешілуге тиіс. БҰҰ Жарғысының 2 б. 3 т. Сәйкес «БҰҰ-ның барлық мүшелері өздерінің дауларын халықаралық әлем мен қауіпсіздігіне және әділдікке қауіп төндірмес үшін бейбіт тәсілдермен шешеді». Халықаралық қатынастардың тәжірибесінде халықаралық дауларды бейбіт жолмен шешу қағидасын бекітілуі үшін БҰҰ Бас Ассамблеясын 1982 жылы халықаралық дауларды бейбіт жолмен шешу туралы Маниль декларациясын және 1988 жылы халықаралық әлем мен қауіпсіздігіне және БҰҰ-ң осы саладағы рөліне қауіп төндіруі мүмкін даулар мен жағдайлардың алдын алу мен жою бойынша декларациясын қабылдауының айтарлықтай мәні болды. Келесі халықаралық дауларды бейбіт жолмен шешу қағидасының дамуына үлесін қосқан ол Валлеттадағы (Мальто,1991ж) кеңесі болды. Онда дауларды бейбіт реттеудің ортақ еуропалық жүйесін қалыптастырған. [2] Өзіміз білетініміздей кез келген мәселенің бастауы белгілі бір жағдайлардан пайда болады, яғни қайнар көздерінің қалыптасуы арқылы. Халықаралық дауларды бейбіт жолмен шешуде БҰҰ маңызы зор. Қазіргі таңда бұл сала өте жақсы дамыған. Әрине оның дамуы осындай қайнар көздерінің нәтижесінде.

Халықаралық дауларды бейбіт жолмен шешу қағидасының қарастыратын екі нысанын айтқан болатынбыз, олар саяси және құқықтық. Саяси тәсілдерге: келіссөздер, кеңесу, бітімгерлік комиссиялары және делдалдылықты жатқызамыз. Келіссөздер дауларды шешудегі қарқынды және тиімді тәсілі болып табылады. Ол екі жақты және көпжақты бола алады. Көп жақты ереже бойынша халықаралық конференция нысаны беріледі. Делдалдылықтың міндеті «қарама-қарсы тараптарды келістіруде және жеккөру сезімін тынышталдыруда». Дау кезінде үшінші тарап ретінде дауды шешудің тәсілдерін ұсынып отырады. Делдалдылықтың 3 түрін ашып көрсете аламыз: татуластыру, тексеру, игі қызметтер. Игі қызметтерде дауға қатысушы тарап емес, бейтарап мемлекет немесе халықаралық ұйымның көмегімен келісімдер орнату арқылы әрекет етеді. Кеңестің мәні қарапайым сұрақтардан, мемлекеттерге немесе халықаралық ұйымдарға өмірлік маңызы бар сұрақтар қоядан тұрады. 1975 жылғы Вена конвенциясына сәйкес қатысушы мемлекеттер арасында дау туындаса кез келгенінің өтініші бойынша араларында кеңес жүреді. Онда қатысушы ретінде халықаралық ұйымдарда шақырыла алады. Келесі тәсіл – бітімгерлік комиссиялары. Егер дау кеңесу нәтижесінде шешілмесе, бітімгерлік комиссиясына жүгіне алады және бұл жайлы хат түрінде хабарлауы керек. Ал халықаралық дауларды бейбіт жолмен шешудің құқықтық тәсілдеріне: халықаралық арбитражды (тұрақты немесе ad hoc арбитражы), соттық талқылаулар (БҰҰ Халықаралық соты және т.б.) Жатқызамыз. [3] Бұл көрсетілген тәсілдер халықаралық құқықта нық бекітіліп әлі күнге дейін әрекет етеді.

Халықаралық-құқықтық тәсілдерді қарастырайық. Халықаралық төрелік соты – халықаралық дауды бейбіт жолмен шешудің ежелгі тәсілі бола тұра х.төрелік сот өз еркімен дауласушы тараптардың келімімен дауды аралық соттың қарауына ұсынады және оның шешімі дауласушы тараптарға міндетті болып саналады. Төрелік органдарын 2 түрге бөледі: тұрақты және ad hoc төрелігі. Ad hoc төрелігі мемлекеттер арасындағы нақты дауды қарау үшін құрылады. Халықаралық-құқықтық дауларды бейбіт жолмен шешу бағытында халықаралық ұйымдар басты орын алады. Олардың бірі БҰҰ. БҰҰ құрылған сәттен бастап халықаралық- құқықтық жүйеде халықаралық дауларды бейбіт жолмен шеші және халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздігін ұстануын қамтамасыз етуде басты рөл атқарады. БҰҰ х. Дауды бейбіт жолмен шешуде негізгі 4 органымен жүзеге асырылады: Бас Ассамблея, Қауіпсіздік кеңесі, халықаралық сот және Бас хатшысымен. Бас Ассамблеясы даудың шығуына қарамастан кез-келгенін талқылай алады. БА-ға жүгінуді, белгілі бір жағдай немесе дау жайлы ақпаратты БҰҰ мүшелері - мемлекеттері қай уақытта беретінін өздері шешеді. Дауларды бейбіт жолмен шешудегі проблемаларымен айналысатын - Қауіпсіздік кеңесі болып табылады. ҚК қажет деп тапқанда БҰҰ Жарғысындағы барлық тәсілдерді қолдана отырып шешуді талап ете алады. Ол кез келген дауды немесе жағдайды зерттеуге уәкілеттенген. Егерде дауласушы тараптар шеше алмаса Қауіпсіздік Кеңесіне береді. Халықаралық Сот БҰҰ-ның басты сот органы болып табылады. Басты мақсаты берілген дауды бейбіт жолмен шешу. Маниль декларациясының ұсынысы бойынша: келісім шартқа талқылау кезінде немесе осындай келісім шарт негізінде туындайтын дауларды халықаралық сотқа беру жағдайлары қарастырылған және оның шешімі міндетті болып табылады. Дауларды реттеуде және жанжал жағдайын реттеуде маңызды рөлі БҰҰ Бас Хатшысына тиесілі. БҰҰ Жарғысының 39 бабына сәйкес Қауіпсіздік Кеңесіне кез келген сұрақ жайлы хабарлай алады.

Бас хатшы Қауіпсіздік Кеңестің немесе Бас Ассамблеяның тапсырмасымен даудың қатысушы мемлекеттеріне уәкілеттілігін немесе игі қызыметтер атқарады.[4] Осындай халықаралық ұйымдардың қатарында ЕҚЫҰ алсақ болады. Оның міндеттемесі 1975 жылғы Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық бойынша Кеңесінің Қорытынды актісінде, Вена конвенциясының 1989 жылғы қортынды құжатында, 1990 жылғы жаңа Еуропа үшін Париж хартиясында расталды. Хельсинкідегі Қортынды актіге сәйкес барлық дауларды бейбіт жолмен шешуге тиіс. Дау туындаған кезде ЕҚЫҰ тез арада алдын алуды, оның қарқын алуына жол бермеуге ерекше көңіл бөледі.

Халықаралық сот, арбитраж сотының жұмыс істеп бастаған сәтінен қараған істерін алып қарастырайық. Недегенмен қазіргі кезге дейін дамуына үлесін қосқан осындай істер болып табылады. Бұрынғы кездері мемлекеттер көбіне арбитраж сотына жүгінетін болған. Арбитраждың тарихы Ұлыбритания мен АҚШ арасында жасалған Джей шартынан (1794) бастау алады. Бұл шартта ағылшын азаматтары мен британдық бағыныштылардан теңдей тұратын достастық, сауда және кеме қатынасы бойынша проблемаларды реттеу барысында аралас комиссия құру туралы қарастырылған. Арбитраждың шешкен дауларының ішіндегі ең танымалы XIX ғасырдағы «Алабама» крейсерінің ісі болып табылады. Ол мемлекеттерді әр дауды шешу үшін бөлек арнайы сот органдарын құрудың орнына бейбіт түрде дауларды шешуге жауапты тұрақты халықаралық сот құру жайлы ойландырды. Эритрея мен Йемен арасындағы Қызыл теңіздегі аралға қатысты дауы бойынша арбитраждық сот талқылауы (1999 жылы аяқталған). Халықаралық арбитражы жайлы идеясы әлемдік Гаага конференцияларында (1899-1907 жж.) Өзінің құқықтық нысандарын ала бастаған. Халықаралық сотты қарастыратын болсақ, ол өзінің өмір сүрген жылдарында 120 - дан астам істерді қарастырған, оның ішінде 80%- мемлекеттер арасындағы дау, 20% - БҰҰ-ның арнайы мамандандырылған құрылымдары немесе ұсынылған органдарының консультативтік қорытындыларды шығару бойынша өтініштерді қарастырған. Елдер сотқа көбіне «суық соғыс» және халықаралық кернеулігі кезінде емес шегіну сәтінде жүгінетін болған. 1999 жылы істердің саны 25-ке дейін көтерілген. Халықаралық процестің қатысушыларының аясында азайтылды. Сотқа тек 210 халықаралық субъектілерінің рұқсаты

берілді. Сот алғашқы өзінің шешімін 1949 жылы 9 ақпанда Корфу бұғазындағы оқиға байланысты шығарған. Соттың қарауына әр түрлі даулар беріледі. Көптеген бөлігін аумақтық және шекаралық даулар, әсіресе теңіз құқығы бойынша құрайды. Сот аумақтарды делимитациялауды реттеуде құқықтық қағидалардың дамуына айтарлықтай үлесін қосқан. Мысалы, 1992 жылғы Сальвадор мен Гондурас арасындағы 90 жылға созылған олардың құрлық және теңіз шекараларына қатысты дауды аяқтады.[5] Сот өзінің қалауы бойынша даулармен айналыса алмайды. Сот статуты оған өз қалауы бойынша мемлекеттердің егемендігіне, ішкі істеріне қатысты әрекеттермен тергеу жүргізуге және

Қорытындылай келе, халықаралық дауларды реттеудегі қазіргі кезде бұрынғы қалыптасқан бейбіт тәсілдері әлі күнге дейін әрекет етуде. Әлемдегі бейбітшілікті, қауіпсіздікті сақтауда қалыптасқан әдістері болып табылады. Әр проблеманың бір шешімі болады. Сондықтан шешу барысында барлық бейбіт, қауіпсіз тәсілдерді қолдануға міндеттіміз. Дауларды тиімді шешу үшін қалыптасқан ережелер, яғни қағидаларды бұлжытпай сақтауымыз керек. Солайша әлемде бейбітшілік бұзылмайды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Классификация международно-правовых споров и выбор средств их мирного разрешения
[//https://studwood.ru/658911/pravo/klassifikatsiya mezhdunarodno pravovyh sporov vybor sredstv_mirnogo_razresheniya](https://studwood.ru/658911/pravo/klassifikatsiya mezhdunarodno pravovyh sporov vybor sredstv_mirnogo_razresheniya), дата обращения 27.03.2018.

2. Способы разрешения международных споров . Левин Д.Б. Принцип мирного разрешения международных споров. М. 1977 г..

https://studopedia.su/12_120820_sposobi-razresheniya-mezhdunarodnih-sporov.html, дата обращения 28.03.2018.

3. К.А. Бекашева . Международное публичное право. - М.: Проспект, 2003 г.

4. Колосов Ю.М., Кузнецов В. Международное право. – М, 1995 г.

5. Игорь Николаевич Глебов. Международное право. – М.:Дрофа, 2006 г.

УДК 341.231.14

ВСЕОБЩАЯ ДЕКЛАРАЦИЯ ПРАВ ЧЕЛОВЕКА КАК БАЗИС МЕЖДУНАРОДНОЙ ПРАВООЗАЩИТНОЙ СИСТЕМЫ ПРАВ ЧЕЛОВЕКА (К 70-ЛЕТИЮ ПРИНЯТИЯ)

Панов Султан Куангалиулы

Sultan.panov.04@gmail.com

Магистрант 1 курса кафедры Международного права Юридического факультета ЕНУ им. Л.Н. Гумилева (г. Астана, Казахстан) и РУДН (г. Москва, Россия)

Научный руководитель – и.о. Доцента кафедры Международного права Юридического факультета ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, phd М.Ж. Куликпаева.

Принятие и провозглашение Всеобщей декларации прав человека (далее ВДПЧ) заслуженно занимает особое место в ряду самых знаковых событий не только XX века, но и истории прав человека в целом. Несмотря на то, что этот документ носит исключительно рекомендательный характер, ВДПЧ является одним из самых узнаваемых, популярных и авторитетных источников в области международного права прав человека. В 2018 году Всеобщей декларации прав человека исполняется 70 лет. В этой связи представляется логичным исследовать вопрос влияния ВДПЧ на права человека и ее место в современном международном праве прав человека.

Главнейшей задачей Организации Объединенных Наций (далее ООН), в рамках программы подготовки Международного билля о правах человека являлось принятие декларации о правах человека. Разработка декларации была поручена Комиссии по правам